

Есте қалар кездесу

Университетімізде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, танымал жазушы, «Орал өңірі» газетінің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдуллинмен кездесу өтті.

Кездесу жазушының өмірбаяны жайлы әзірленген бейнежазбамен ашылып, сол арқылы көптеген

мағлұматпен таныстық. Ары қарай Бауыржан Файзоллаұлы өзінің қалай жазушы болғанын, оқуға түскендегі қызық сәттерін студенттер мен ұстаздарға әңгімелеп берді. Бала кезінен арманы асқақ болған кеш қонағының әрбір сөзін жиылған қауым бір деммен тындап қана қоймай, жазу-сызуға қызығып жүрген студенттер өздеріне біраз сабақ алды десем болады.

Жалпы бұл жүздесу мен үшін есте қаларлықтай болды. Бауыржан

Ғұбайдуллиннің өмір жолымен танысып қана қоймай, «Биленбеген вальс», «Кие», т.б. әңгімелерінің қысқаша мазмұнын тындап, бас редактордың жазушылық қабілетіне одан бетер қызыға түстім. Ги де Мопассан есімді ұлы тұлғаның жазушылар қауымы жайлы мынадай бір сөзі бар: «Жазушының бір ғана қабілеті бар. Ол өмірдегі шындықты көзімен көріп, оны нағыз шебердей суреттейді. Қалғандары екіжүзді адамның тірлігі ғана» деген. Расымен де, жазушы шығармалары бірден жазыла қоятын емес, көрген-білгенінен түйген, шынайы өмірден алынған, автор шарықтау шегіне дейін жеткізетін туындылар.

Кездесу барысында жазушы-журналист тек өзінің өмірі мен шығармашылығы жайында ғана емес, жалпы елдік мәселелер, әдебиет туралы да керемет әңгіме өрбітті. Жазушымен жүздескен екі сағатымыз көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Университет



табалдырығын биыл аттаған, студенттік өмірге енді үйренісіп жатқан жас буын үшін бұл өте әсерлі, тәрбиелік мәні бар іс-шара болды. Осы ретте шараны ұйымдастырған университетіміздің «Парасат» ақпараттық білім беру орталығына да шексіз алғысымды білдіргім келеді. Кездесу соңында Бауыржан ағаның жолын қуып келе жатқан ізбасар інілерінің өлеңі мен әсем әнін тындап, естелік суретке түстік.

Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА
Агротехникалық институттың
ЗУ-11 тобының студенті



Боз кілемдегі бойжеткен

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенті Риза Сүлейменова – көптеген спорттық жарыстарда топ жарып жүрген еңбекқор спортшы.



Аталған білім ордасында «Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі» мамандығы бойынша оқып жүрген Риза спортпен 14 жасынан бастап айналысып келеді. Тынымсыз дайындықтың арқасында ол көптеген жүлделерді қанжығасына байлаған. Мысалы, самбо күресінен Қазақстан Республикасы чемпионатында 2017 жылы – 1-орын, 2019 жылы – 2-орын, 2020 жылы – 3-орын, 2021 жылы 2-орынды иеленген. Ал Азия чемпионатының биылғы сайыстарында осы спорт түрінен 3-орынға тұрақтапты. Қазақстан Республикасы кубогының жүлделі 2-орыны да – жас спортшының қоржынында. Жуырда

кейіпкеріміз Атырау қаласында өткен самбо күресінен ерлер мен әйелдер арасында және жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасы Кубогынан да 2-орын алып, жүлдемен оралды. Риза Сүлейменова бұлардан бөлек кішігірім жарыстардан да жеңімпаз атанып жүргенін айтты. Ризаны бұл жетістіктерге талпындырған жаттықтырушысы Қасым Марағұлы Қаженов. Арнайы жаттығу түрлерін тағайындап, өз күшіне сенуді үйретіп, дем беріп отыратын осы ұстазы екенін атап өтті.

Боз кілемде биіктерді бағындырып жүрген бойжеткен алдағы болатын түрлі сайыстарға дайындық үстінде екенін жеткізді. Болашақта спортта үлкен жетістіктерге жетуді көздеп отыр. Риза қыздың ендігі мақсаты – Азия чемпионатынан алған 3-орынға тұрақтап қалмай, алтын жүлдегер атану.

Қазіргі таңда спортпен қатар оқуды теңдей алып жүрген студент күнделікті жаттығуға екі-үш сағатын арнайды. Осы орайда, кейде оқудан қиындықтар туындағанда университет ұстаздары түсіністік танытып, көмектерін де аямайтынын тілге тиек етті. – Спортшыда ең алдымен темірдей төзім мен жігер болуы шарт. Эмоционалды тұрақтылықты сақтап, көпбасшылыққа ұмтылу арқылы көп жетістіктерге жетуге болады. Оған қоса, әрине, еңбексүйгіштік қасиет әр спортшының бойынан табылуы тиіс, – дейді Риза Сүлейменова.

Біз де Ризаға сәттілік серік болып, еліміздің көк байрағын жеңіс күндері желбірете беруіне тілекшіміз.

Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ

Тігін фабрикасында өткен сабақ



Жуырда университетіміздің «Менеджмент» мамандығының БМУ-31 топ студенттері «Диана» Орал тігін фабрикасында болды.

«Өндірістік менеджмент» пәні бойынша өндірістік процесті зерттеу сабағын доцент Б.М.Хусайнов ұйымдастырды. Тігін фабрикасының басшысы Асылхан Орынбеков студенттерге өндірістік процесті толық көрсетті. Оның ішінде басқару функцияларын, жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау функцияларын таныстырды. Кәсіпорында 34 тігінші, 1 цех шебері және 3 бригадир жұмыс атқаруда. Тігіншілер

бригадирлердің тапсырмаларын орындау кезінде өндірістік процестің барлық элементтерінен өтеді. Практикалық кездесу барысында цех шебері Г.Мусина арнайы киім тігудің кезеңдері мен сатыларын түсіндірді.

Практикаға бағытталған сабақтың жетекшісі болашақ менеджменттер үшін өндіріс орнындағы тәжірибе процесінің маңызы зор екендігін атап өтті.

Мұхаммед-Әли ҚУАНЫШКЕРЕЙ
Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты БМУ-31 тобының студенті

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Жансулу Сапашева

Бас маман
Ләззат Қажымова
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеледі.
Газет АҚ «Кокше-Полиграфия» ЖК баспаханасында басылды. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы.
Таралымы: 1000 дана. Тапсырыс: №2073
Газет айына 1 рет шығады. Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 227-бөлме
РББ Тел: 51-61-39, (1-42).
Zangar_zkaty@mail.ru